

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 шілдедегі N 771 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.04.2014 № 356 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Инженерлік-техникалық құрылыстар мен қоршауларды, шекара белгілерін, шекарадағы орман жолдарын, коммуникацияларды және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін жайғастыру мен күтіп-ұстау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне тұрақты жер пайдалануға:

1) Қытай Халық Республикасымен шекарада - бұрын бөлініп берілген жерлер, шекара белдеуіндегі де, оның шегінен тысқары жерлеріндегі де ені 30-50 метр жер телімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы бойындағы б е с м е т р л і к б е л д е у ;

2) Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Өзбекстан Республикасымен және Түркіменстанмен шекарада - Мемлекеттік шекара сызығына тікелей жанасатын ені 30-дан 100 метрге дейінгі жер телімдері берілсін.

Мемлекеттік шекара сызығы маусымдық (тасқындық) өзгерістерге түсетін өзеннің су ағысы бойымен өтетін жағдайда Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен шекараларда Мемлекеттік шекара сызығына тікелей түйісетін жер учаскелеріне қосымша - ені 30-дан 50 метрге дейін түпкі жағаға (өзен алабына түйісетін және оның үстінен көтерілетін өзенаралық су айырық кеңістігінің бір бөлігі) жапсарлас жатқан жер телімдері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.09 N 2056 **Қ а у л ы с ы м е н .**

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы сызығына тікелей жанасатын жер телімдерін тұрақты жер пайдалану құқығында алғаны үшін ауылшаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджетке өтеуден босатылсын.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.04.2014 № 356 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

